

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін көбейту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 6 қазан N 1308. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.25. N 1620 қаулысымен.

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2371 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын көбейту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 шілдедегі N 945 қаулысына сәйкес қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына 1995 жылғы 1 қазаннан бастап түзетілген есеп айырысудың 1,07 коэффициенті қолданылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі